

КЕЛІСІЛДІ

Абай облысы білім

басқармасының

Көкпекті ауданы бойынша

білім бөлімінің басшысы

А.Б.Танысбаев

«__» _____ 2023 жыл

БЕКІТІЛДІ

«Құралай» жеке меншік

балабақшасының меңгерушісі

К.К.Баймолдина *

«__» _____ 2023 жыл

**Абай облысы білім басқармасының
Көкпекті ауданы білім бөлімінің
«Құралай» жеке меншік балабақшасының
2023-2024 оқу жылына арналған
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
оқу жұмыс жоспары**

Үлкенбөкен ауылы

«Құралай» жеке меншік балабақшасының 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарына түсінік хат.

«Құралай» жеке меншік балабақшасы 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 өзгерістер мен толықтырулармен Үлгілік бағдарлама негізінде оқу-тәрбие процесін жүзеге асырылады. Балабақшаның оқу бағдарламасы 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік білім беру стандарты негізінде әзірленген. Ұйымдастырылған іс-әрекет – балабақшамызда күндізгі уақытта педагогтар ұйымдастырған кіріктірілген іс-әрекет түрлері (шығармашылық, ойын, зерттеушілік, еңбек, қозғалыс, танымдық) арқылы ойын түрінде жүзеге асырылады. Балалардың бойына қазақ халқының ұлттық құндылықтарын, отбасылық құндылықтарды сіңіруді, отансүйгіштікке, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуді, сондай-ақ балаларды әлеуметтік-мәдени нормаларға баулуды басты міндеттердің қатарына қоямыз. Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, қауіпсіз мінез-құлық ережелерін ескердік.

Біздің балабақшада күндізгі уақытта балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, дене шынықтыру белсенділігіне үлкен көңіл бөлінеді. Сондай-ақ күндізгі уақытта мемлекеттік тілді дамытуға көңіл бөлеміз, қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстыру арқылы әр түрлі іс-әрекеттерде балалардың ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамытамыз, сөйлеу нормалары мен қарым-қатынас мәдениетін үйретеміз. Балалардың шығармашылық әрекетінде күндізгі уақытта ән үйренуге, музыка тыңдауға, би билеуге, ойнауға уақыт бөлінеді.

Балабақшамызда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, отансүйгіштік пен ұл жандылыққа тәрбиелеу үшін қолайлы, қауіпсіз, білім беру жағдайлары жасалған. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында ұлттық дәстүрлер мен рухани құндылықтарға негізделген, сондай-ақ балалардың әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, ерік-жігері, физикалық және интеллектуалдық дайындығын қалыптастыру.

Балабақшада баланың өмірі мен денсаулығын нығайтуды және олардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін, сондай-ақ мектепке дейінгі білім берудегі сабақтастық пен сабақтастық принциптерін қамтамасыз ететін, білім беру аймақтарының интеграциясын қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құрылды.

БЕКІТІЛДІ 
«Қуралай» жекеменшік
балабақшасының меңгерушісі
К.К.Баймолдина

«__» _____ 2023 жыл

**«Қуралай» жекеменшік
балабақшасының ортаңғы топ
«Балдаурен» тобының
(3 жастағы балалар)
оқу жұмыс жоспары
2023-2024 ж**

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3	Сенсорика	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	аптасына бір рет
	Музыка****	күн сайын